




**АЛҒЫС  
АЙТУ КҮНІ**

**1  
НАУРЫЗ**



Алғыс айту күні -  
Қазақстан халқын  
мәңгілікке біріктіруге  
бағытталған «Мәңгілік  
Ел» жалпыұлттық  
патриоттық идеясының,  
қазақстандық  
бірегейліктің негізгі  
арқауы - еліміздегі  
барлық ұлт пен ұлысты  
бір шаңырақ астына  
топтастыратын  
Қазақстан халқы  
Ассамблеясының күні.



Ал АҚШ және Канада халықтары Алғыс айту (Thanksgiving Day) күнін қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтетін көрінеді. Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі - түйе тауық



Ағылшындық колонистер  
мерекені алғаш  
тойлағанда орманда  
атылған төрт түйе тауықты  
жеген екен



Кейіннен, яғни, 1789 жылы Джордж Вашингтон Рахмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялаған. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. XVII ғасырдан келе жатқан әр түрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады



- Қытайлықтардың да бұл мерекені атап өтуі ерекше. Қытайлықтар үшін алғыс айту мерекесі қыркүйек айының соңы мен қазанның ортасы болып есептеледі. Тіпті кейде мұны «күз ортасындағы фестиваль» деп те атайды. Жиын-терім маусымының аяқталғанына қуанып, олар қуаңшылық болдырмай, астықты жинап алғаны үшін Айдаһарға алғыс сезімін білдіреді. Қытайлықтар бұл мерекені отбасында ғана емес, тұтас деревня болып тойлайды. Балаларын әдемі киіндіріп, шеруге шығарады. Сосын кешкілік Айға қарап, келешек күннен жақсылықтың болуын тілейді.



